

ТРУДОВОЕ ПРАВО

Ж.А. Базарғалиева

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ БІРГЕ ҚАТЫСУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Талаптық сот өндірісінде тараптардың саны әрдайым тұрақты: екеу. Алайда бір процестегі әрбір тарапта бір мезгілде бірнеше тұлғалар – жеке және заңды тұлғалар қатыса алады. Талапты бір мезгілде бірнеше талапкер бірлесіп қоюы немесе бірнеше жауапкерге қойылуы мүмкін (ҚР АІЖК-нің 50-бабы). Егер қойылған талаптар бір-бірін жоққа шығармаса және сот оларды бір мезгілде қанағаттандыра алатын болса, процессуалдық бірге қатысу туралы айтуға болады.

Процессуалдық бірге қатысу дегеніміз – бір істе бір мезгілде бірнеше талапкерлердің немесе (және) бірнеше жауапкерлердің қатысуы [1;120]. Бірге қатысудың мынадай түрлерін ажыратуға болады: белсенді бірге қатысу (бірнеше талапкерлер және бір жауапкер), бәсең бірге қатысу (бір талапкер және бірнеше жауапкерлер), аралас бірге қатысу (бірнеше талапкерлер және бірнеше жауапкерлер).

Процессуалдық бірге қатысу әр уақытта істі қарау мен шешуді қиындатады. Солай бола тұра, ол кейбір істерді дұрыс және уақтылы шешу үшін міндетті түрде қажет. Бірге қатысушылардың пайда болу себебі соттың қарауында жатқан даулы материалдық құқық қатынасының субъективтік құрамы мен мазмұнына негізделеді. Сондықтан, бірге қатысушылыққа тек бұндай қатысу азаматтық істі едәуір тез және дұрыс қарау мен шешуге әсер ететін жағдайларда ғана жол беріледі.

Бірге қатысу бір мезгілде бірнеше талапкерге талап қоюшы талапкердің бастамасымен туындауы мүмкін. Мысалы, бірнеше тұлғалардың бірлескен әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар. Сондай-ақ бірнеше талапкер біріктіріп қарау үшін бірлесіп талап қоюы мүмкін. Мысалы, шығарманың бірлескен авторларының бұзылған авторлық құқықты қорғау туралы жүгінуі. Сот бір талапкердің түрлі жауапкерлерге немесе бір талапкердің бірнеше жауапкерлерге қойылған талабы бойынша істерді өзінің бастамасымен бір өндіріске біріктіре алады. Сол сияқты даулы құқық қатынасының сипатына байланысты оны бірлескен жауапкердің немесе бірнеше жауапкерлердің қатысуынсыз қарау мүмкін болмаса, сот оны немесе оларды өз бастамасымен іске қатысуға тартады. Судья осы соттың іс жүргізуінде дәл сол тараптар қатысатын біртектес не бір талап қоюшының әртүрлі жауапкерге немесе әртүрлі талап қоюшылардың бір жауапкерге қойған талабы бойынша бірнеше іс бар екенін белгілеп, егер мұндай біріктіруді дұрыс деп тапса, бұл істерді біріктіріп қарау үшін бір іске біріктіруге құқылы (ҚР АІЖК-нің 171-бабы, 3бөлігі).

Азаматтық іс жүргізу заңы процессуалдық бірге қатысудың негіздемелерін тікелей белгілейді (АІЖК-нің 50-бабы). Процессуалдық бірге қатысуға мынадай жағдайларда жол беріледі:

- 1) Даудың нысанасы бірнеше талапкердің немесе бірнеше жауапкердің ортақ құқықтары мен міндеттері болса;
- 2) Бірнеше талапкердің немесе бірнеше жауапкердің құқықтары мен міндеттері бір негізден шықса;
- 3) Даудың нысанасы ретінде біртектес құқықтар мен міндеттер болса.

Егер, біріншіден, сот өндірісінің нысанасы болып бірнеше тұлғалардың ортақ құқықтары немесе ортақ міндеттері табылса; екіншіден, талапкердің талаптары қандай да бір ортақ

негіздерден шықса (қадір-қасиет, ар-намыс, іскерлік беделді қорғау туралы); үшіншіден, талапкерлердің талаптарының біртектілігі (бір негіздер бойынша жалақыны төлеу бойынша – мысалы, бірнеше тұлғаларға тапсырылған бір жұмыс үшін) [2;85]. Алғашқы екі жағдай даулы материалдық-құқықтық қатынастың көпсубъектілігі нәтижесінде болса, соңғы жағдайда мәселе қандай да бір заңды факт әртүрлі, бірақ біртектес бірнеше материалдық құқық қатынастарының пайда болуына әкеп соғатын заңды құрам элементтерінің сәйкес келуі туралы болып отыр. Бұл жағдайда, сәйкесінше, негізінен бір дәлелдемелер зерттеледі.

Бірге қатысудың міндетті (қажетті) және көмекші (факультативті) деген түрлері бар.

Міндетті бірге қатысу дегеніміз – бұл олардың қатысуынсыз азаматтық істі дұрыс қарау мен шешу мүмкін болмайтын бірнеше талапкерлердің немесе (және) жауапкерлердің бірге қатысуы. Егер бір мезгілде барлық талапкерлердің және барлық жауапкерлерге қатысты талаптары қаралған жағдайда ғана сот шешімі заңды бола алады. Қажетті бірге қатысудың талаптарын орындау соттың тікелей міндетіне жатады. Егер сот өз міндеттерін бұза отырып, даулы материалдық құқық қатынасының болжамалы қатысушыларының бірін іске тартпай шешкен болса, бұндай шешімнің күші жойылуы тиіс [3;93].

Соның ішінде сот мынадай жағдайларда бірлескен жауапкерлердің және бірлескен талапкерлердің іске қатысуын қамтамасыз етуге міндетті:

- ортақ меншік құқығы туралы істер бойынша;
- мұрагерлік құқық туралы істер бойынша;
- дайындаушыға қойылған тауардың кепілді мерзімінің өтуі бойынша кемшіліктерін жою туралы талаптар бойынша – тауарды сатушылардың қатысуын;
- бұқаралық ақпарат құралдарына қойылған ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау туралы талаптар бойынша – ар-намыс пен қадір-қасиетке нұқсан келтіретін мәліметтер келіп түскен және осы мәліметтердің шындыққа сәйкестігін дәлелдеуі тиіс азаматтар мен ұйымдардың, ал қажет болған жағдайларды бұқаралық ақпарат құралдарының құрылтайшыларының қатысуын;
- негізгі серіктестіктің міндетті тапсырмасын орындауға байланысты сенім серіктестігінің жасасқан мәмілелерден туындайтын істер бойынша – негізгі серіктестіктің қатысуын;
- әкелікті анықтау туралы істерде – актілік жазбаларда баланың әкесі ретінде жазылған тұлғаның қатысуын;
- қызметкерлердің ұжымдық материалдық жауапкершілігі туралы шарттар бойынша зиянның орнын толтыру туралы істерде – залалдың туындауы кезінде жұмыс істеген ұжымның барлық мүшелері мен материалдық құндылықтарды дұрыс есепке алмаған және дұрыс сақтамаған, залалды тоқтатуға бағытталған шараларды қабылдамаған барлық лауазымды тұлғалардың қатысуын;
- міндетті бірге қатысу талаптары болатын өзге де істер бойынша.

Факультативті бірге қатысу – бұл міндетті емес бірге қатысушылық. Ол талапкерлердің жағынан да, сондай-ақ жауапкерлердің жағынан да орын алуы мүмкін. Процессуалдық бірге қатысу бір талапкердің түрлі жауапкерлерге бірнеше талап қоюының немесе бірнеше талапкерлердің бір жауапкерге талап қоюының кез-келген жағдайларында емес, тек осы талаптар біртектес және өзара байланысты жағдайларда ғана орын алады. Бұндай бірге қатысу сот өндірісіндегі заңдық құрамының ортақтығы жағынан, сол сияқты қатысушылар құрамының ішінара сәйкес келуі жағынан өзара байланысты бірнеше істерді уақтылы қарау қажеттілігінен туындайды.

Біртектес деп ұқсас негіздер мен нысанасы бар талаптарды түсіну керек. Талаптың негіздемесі болып заңды фактілер танылады (мысалы, бірнеше қызметкерге мерзімінен тыс жұмыстар үшін өтемақы төлемеу т.б.). Егер талаптарды ажыратып қарау неғұрлым дұрыс болса, судья талап қоюшы біріктірген талаптардан біреуін немесе бірнешеуін бөліп жеке іс жүргізуге алады. Талаптарды бірнеше талап қоюшы қойған немесе талаптар бірнеше жауапкерге қойылған кезде судья, егер талаптарды ажыратып қарауды неғұрлым дұрыс деп тапса, бір немесе бірнеше талап бойынша жеке іс жүргізуге құқылы. Судья осы соттың іс жүргізуінде дәл сол талаптар қатысатын біртектес, не бір жауапкерге қойған талабы

бойынша бірнеше іс бар екенін белгілеп, егер мұндай біріктіруді дұрыс деп тапса, бұл істерді біріктіріп қарау үшін бір іске біріктіруге құқылы.

Мысалы, жүктің бүлінуі немесе жойылуы үшін тасымалдаушының немесе жіберушінің жауапкершілігі туралы істерде сот бірлескен жауапкерлерді іске қатысуға тартуға құқылы, қызметкерлердің жалақыны өндіру туралы жұмыс берушіге қойған талаптарын бір іске біріктіруге құқылы.

Бірге қатысушылардың процессуалдық жағдайы мынадай: олардың әрқайсысы тараптың (талапкердің не жауапкердің) барлық құқықтарын иелене отырып және барлық міндеттерін атқара отырып, екінші тарапқа қатысты іс жүргізуде дербес болады (АІЖК-нің 50-бабы). Сонымен қатар тараптар іс жүргізуді тең талап қоюшылардың немесе тең жауапкерлердің біреуіне тапсыра алады. Бұндай тапсырма сотта өкілдік ету туралы нормаларға сәйкес ресімделеді.

Бірлескен талапкерді немесе бірлескен жауапкерді тартқаннан кейін істі сотта қарауға дайындау мен сотта қарау басынан бастап жүргізіледі.

Бірлескен талап қоюшылардың бірінің талаптан бас тартуы басқа талап қоюшылардың бас тартуын білдірмейді, ал талапты бірлескен жауапкерлердің бірінің мойындауы тек осы жауапкерге ғана қатысты болады. Бірлескен талапкерлер мен бірлескен жауапкерлердің барлығы бірдей құқықтарды иеленіп, бірдей міндеттерді атқарады.

1. Н.М.Коршунов, Ю.Л.Мареев. Гражданский процесс//Учебник для вузов. «Норма», М.,2004ж.

2. Шакарян М.С. Субъекты гражданско-процессуального права. М.,1970ж.

3. Полянский Н.Н., Строгович М.С., Савицкий В.М., Мельников А.А. Проблемы судебного права. М.,1983ж.

4. 13.07.1999ж. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі. А., «Юрист»,2010ж.

In article theoretical problems of remedial partnership in civil process are mentioned.

В данной статье затрагиваются теоретические проблемы процессуального соучастия в гражданском процессе.

Р.М. Бердекова, С.Б. Бекжігітова, Н.М. Салыбек

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі кезде әлемдік қаржы дағдарысының Қазақстан экономикасына тигізе бастаған әсері халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мәселесін, соған орай оның жұмыспен қамтылуын бірінші кезекке шығарып отыр. Қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуына, оның жылдамырақ өсуіне, өркендеуіне интенсивтік, ғылыми –техникалық жолмен және басқа да барлық мүмкіншілікті тиімді пайдалануға басты ықпал тигізетін мәселенің бірі еңбек нарығын қалыптастыру және оны дамытуды жүзеге асыру болып табылады.

Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу қазіргі Қазақстан жағдайында өте маңызды деп айтуға болады Сондықтан да мемлекет алдында еңбек нарығын одан әрі дамытуда қыруар маңызды шараларды атқару кезегі күтіп тұр. Экономикалық артықшылықтардың қоғамдық қайта құру процесінде әлеуметтік артықшылықтан басым түсуі, сондай-ақ елдегі ресурстардың шектеулілігі халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне жағдай жасады. Қазақстан еңбек нарығы енді қалыптасып келеді, сондай-ақ онда көптеген компоненттер жоқ. Ол өзіне жұмыс күші қозғалысын бақылау қызметін жіктейді. Халықты жұмыспен қамтуды өсірудің жаңа мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Мемлекеттік саясаттың бір тармағы еңбек нарығында туындайтын түрлі әлеуметтік–экономикалық, моральды–психологиялық және құқықтық қатынастарға араласып, еңбек нарығын өз деңгейін мемлекет тұрғысынан реттеп отырады.

Еңбек нарығын реттеу көптеген мәселелермен қатар шешілуі тиіс. Атап айтқанда, толық жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыссыздықты азайту, жұмыс беруші арасындағы,